

Отаным-Қазақстан

Келеміз ата-жұрты аңсап, шөлдеп,
Отаным Қазақстан- азат ел деп.
Қарсы алған бауырларға құшақ жайдық,
Ағайын,сағынған ел, бізді көр деп.
Кешегі бабаларым мекен еткен,
Басына күн туғанда көшіп кеткен.
Солардың кіндік қаны тамған жерге,
Ұрпағы мына біздер, келіп жеткен.
Көп болсын бұдан былай қызығызымыз,
Жарқырап, биіктесін, жұлдызымыз.
Тарыдай шашыраған қазақ деген
Міне біз сол қазақтың ұл-қызымыз.
Елтаңба ортасында- шаңырағым,
Елімді бөтен жерде сағынғанмын.
Келгенде шалғай жерден ұрпақтарың,
Бабалар, қолдай жүрсін, аруағың.
Төнесе де басымызға азапты күн,
Тіледік қазақтың біз азаттығын.
Оралған Отанына бауырларын
Қарсы алып,қауышуда қазақ бүгін.

Құлаағыр

Тербеледі ауылымның даласы,
Бір сәт тоқтап жан жағына қарашы.
Ынтымақты бірлікпенен ауылымды,
Тазартады кәрі жасы баласы.
Құлаайғырда ынтымақ бірлік бар.
Жайма шуақ жанға жайлы тірлік бар.
Отбасымыз аман болып қалайық,
Тәңір қолдап болсын бізге алла жар.
Құлаайғыр алтын отау жердегі,
Ырысы артып өндірісі өрледі.
Су жүріліп мекемелер жаңарды,
Бағалансын басшылапдың еңбегі.

Анаға

Ойлайсың, қартайсаң да бала қамын,
Бала деп, шұрқырайды шыбын жаның.
Ұшырған ұл-қыздарын әр қияға
Анамның амандығы – бар арманым.

Молайтып отбасының берекесін,
Нығайтып, қақыратпай керегесін,
Аналар қартайса да арамызда,
Көп жасап, сүйе берсін немерес

Әжетай

Жыр әжетай немереңе бер қуат
Жырыңды айтып жылағанда келіп уат
Жасың кетсе, тастап кетсе біреулер
Сен келесің таяғынды сүйреп ап
Көрем дедің өскенімді армандап
Еркелетін сен берерсің бал қаймақ
Жаныңдан ұзап кетсем әжетай
Жан дауыспен жүгіресің айқайлап
Күндіз түні немерең ғой ермегің
Сәбі күннен жырыңды айтап тербедің
Әлі есімде ер жетсемде ақ әже
Байыңдағы тәрбиенді бергенің
Жумсақ сенің алақының аялы
Әр бір сөзің жүрегімде қалады
Бар арманың орындалып әжелер
Өсіре бер немеремен баланы.

Бауырым

Адамға бауыр деген бауыр ет қой
Өшпеген алдымызды дәуір көп қой
Естідім бір өзіңнің ажалыңды
Қимадым қара жерге ажалыңды
Ішінде бауырымның кенжесі едің
Анамның тастап кеткен пендесі едің
Жас кеттің сен еді өмірден ерте кеттің
Анамның көзі еді деп еркелеттім
Ананың ақ стін сен ембеп едің
Анаңның алақанын көрмеп едің
Ата мен апаларың арқасында

Ер жетіп 19 ға келген едің
Сен кеттің 10- айда күздің күні
Бұл бір ай болып тұрар бізге мұнды
Сағынып еске алғанда жан бауырым
Қағаз бен қалам алып жаздым мұнды

Желтоқсан желі

Әлемге аты әйгілі болды қазақ,
Желтоқсан ызғарына тоңды қазақ.
Қайрат пен Ербол сынды боздақтардың
Қиылды қыршын жасы, көріп азап
Елімде батыр қыздар бұған талай,
Арулар жанын қиған, аяламай,
Пір тұтқан Мәншүк пенен Әлияны
Ләззат пен өжет мінез Сәбирадай.
Сырт елде сары далам арман болған,
Озбырлар сол даламда ойран салған.
Дінімді, тілімді де мойындамай,
Жерімде жетпіс бес жыл сайрандаған.
Тәуелсіздік- елімнің арманы еді,
Қайсар жастар- елімнің қорғаны еді.
Бауырмарым, жеткіндер, мұратыңа,
Бақ құсы бостандықтың қолға келді.

Маядағы сиыр

Айдадым мен сиырды
Сиыр мұрнын шуиірді
Маядан сиыр шығар деп
Бастық маған бұйырды
Аңдыймын сонда есікті
Қақпа бүкіл тесікті
Бір күні барсам таңертең
Құбылын жұлып кетіпті
Құлып салып оңдадым
Талай айла ойладым
Ойласамда сиырлар
Маядан мая қоймадың
Адамнан қиын сиыр бар
Қалай өскен зұлымдар
Иесіз кеткен сиырды
Иесі болса жиыңдар